

Л2005  
2591 к

Аскар Алтай

# Алтай новелласы



**АСҚАР АЛТАЙ**

**Алтай  
НОВЕЛЛАСЫ**

**Роман-миф  
Повесть-притча  
Новелла**

**Алматы  
“Өлкө”  
2001 ж.**

ББК 84Каз 7-4

А 46

**Алтай А.**

Алтай новелласы: Роман-миф, повесть-притча, новелла. — Алматы: «Өлкө» баспасы, 2001 — 292 бет.

ISBN 5-7667-9573-4

Әдебиетімізде ұлы Байтұрсынов көркем прозаның роман, повесть, новелла жанрын “ұлы, ұзақ, ұсақ” әңгіме деп жіктепті. Бұл жинақ та Ахаң айтқан жаңр сипаттына сай жасақталған, шығармалар новелла табиғатына тән жазылған.

“Алтай балладасы”(Алтайдың алқызыл модағайы) романында алтайлық саяқ аңшы мен жыртқыш аюдың бір қызға ғашық болуы, олардың жалғыздықтағы жанкешті тағдыр-талайлары, психологиялық күй табиғатпен шендересе суреттеледі.

“Алтай элегиясы” (Қызыл бөлтірік) хикаяты мен “Алтай новелласы” (Кержақтың кері) әңгімесі де романмен астарлас, рухани өлемі тұтас дүниелер. Жинақ көркемдік қуатымен, мазмұн сонылығымен, стильдік ізденісімен ерекшеленеді.

A 4702750201  
00(05)-01

ISBN 5-7667-9573-4

© Асқар Алтай, 2001 ж.  
© «Өлкө» баспасы, 2001 ж.

## Табиғаты бөлек, танымы терең

— "Жалын" журналынан Асқар Алтай дейтін автордың "Алтайдың алқызыл модагайы" дейтін романын оқыдым. Табиғаты бөлек, тартымды шыгарма екен, қарап шықшы! — деді Қастек Баянбаев бір жолыққанда.

Мақтауга келгенде мейлінише сараң, әрі әдебиет ісіне айырықша адап қарайтын, өзі қылдаң халтурага барып көрмеген Қастек сөзіне имандай сенетінім бар, бекер айтпаган шыгар деп, әлгі роман басылған "Жалынның" екі санын тауып алып, "жігітті қызы мақтаган — ел жақтаган" дегендей, оқи бастап едім, алгашиқы сойлемдерден бастап-ақ бірден түбіне жылымдай тартып алды да кетті...

Асқар атты жігітпен атустілеу гана таныс болатынын: көрген жерде агалап амандастып, сыпайы қоштасып жүретін. Бұл жолы оны қаламы қатып та, қалыптасып та болған, бұғаналы, бұлышық етті жазушы ретінде қапысыз танып білгендеймін.

Қастек айтса айтқандай, бұл бір шынында табиғаты бөлектеу біткен, танымдық тереңдігі көркемдігінен кем түспейтін кесек шыгарма екен. Бәрі десем күпірлік болар, әйтсе де біздің бірқатар жазушылар тақырыбына терең бойлап бармай, әй, осылай шыгар деген жобамен долбарлап тарта беретіні бар. Өзі жазып отырған дүниенің іші-сыртына терең үңілмей, сылдыр сөзбен сидыртып өте беретін әлгіндей шыгарманы

*оқығанда не сүйсінбейсің, не тұсініп түйсінбейсің.  
Ренішіңді айтайын десен, ерін бауырына ала тағы тулатынын біліп, жауырды жаба тоқып жүре бересің.*

*“Алтайдың алқызыл модагайының” авторы алдымен не жазатынын жақсы зерттеп біліп алған. Аңызбен астасқан шыгармадагы аңшы мен аю, тіршілік пен тұрмыс шынайылығы, жазушы шеберлігі кім—кімді де селт еткізеді. Асқардың аюы аюша “ойлайды”, аюша “әрекет етеді”, түйесі — түье, жылқысы — жылқы, сөйтіе тұра солардың түйсігіне, ойлы әрекетіне имандай үйіп сенесін, иланасың. Нанымсыз, жалаң сөйлеу деген атымен жоқ. Бәрі де өз табигаты, қаз—қалтындағы тіршілік—тынысы, тұла бойы, болмысымен суреттеледі.*

*Романның өзі баяндау багытында жазылғанмен, оқырманды жасалықтырмай тартады да отырады. Шым—шымдаш шымырлата бойды алған шыгарма әуеніне елітіп, әжептәуір қомақты дүниені қалай оқып шыққаныңды аңгармай да қаласың. Бұл жалаң тамсану емес, жақсы шыгармага сүйсіну, әдебиетке белді бір өкілдің қосылғанына қуану.*

*Қазір қазақ прозасына деген ризашылығымды мына соны шыгарма одан әрі ұлгайта түскенін жасырмай айтамын.*

*Бүгінгі қолданыстан шығып қалған “модагай, қаптагай, дең, шеріп” сияқты тағы басқа көне ұғым атауларын осы кітап арқылы білгенімді намыс көрмеймін.*

*Шынайы шыгарма әсерінен туган бір үзік сыр осындай. Егер менің сөзіме сенбей, пікіріме күмән келтірушілер табылып жатса, Асқар Алтайдың романын оқып шықсын. Содан кейін сөз таластыра жатармыз.*

*Сәкен Иманасов, ақын.  
“Қазақ әдебиеті”, 26 маусым, 1998 жыл.*

# АЛТАЙ БАЛЛАДАСЫ

Алтайдың алқызылы модағайы

Роман-миф

*Тәңірі жолықтырган арыс  
азамат Альберт РАУга арнаймын*  
Автор

БЕТПЕ—БЕТ

Қарагай мен самырсыны селдір күңгей . Құлама күңгейдің күреншелі шымын қадай басып, қабырғалай кесіп, қиялай түсіп келе жатқан салт аттыға Алтайдың ақ төс қара аюы — Айқоңыр бүгін де тесіле қалған.

Айқоңыр демін адамша ішіне тарта орнынан тапжылмай тұр. Қара тастай қатқан алып тұлғасын атан үшқатпен аралас өскен ыргай мен тобылғының тұмсық батпас бүрі құргейлеген. Әлгінде ғана Атқыбылақтың биігінен аста—төк ақтарылған сарқырама астынан малмандай болып шықса да, бой—бойын белгісіз ыстық буып, қара тұмсығын сұық тер басқан. Бұк қысқан ұры қолтық іші алқымын ісінтіп, тынысын тарылтса да шыдаулы. Жалтандау жалама беткеймен еңкейген құла құнанды қыз — бойжеткен Бұлабике үшін шыдаулы. Бірақ... шыдамның да шегі бар.

Хайуанның қоңыр көздері қашаудай қадалып, салт аттыны жазбай баққан. Сәл жиырылған танауы да пысылдамайды. Қос аяқтай тік тұрған қалпы қалың бүрдің арасынан сығалай, күдіс жауырыны күжірейіп,

*Модагай — шұғынық ғұлі (ежелгі қазақ—қалмаққа ортақ сөз)*

жауын бакқан жыртқыштай үрлана, бойын жасыра, молақ мойнын асыра түседі. Тұкті қабагынан құйылған аңы терден кілегейленген жанарын май басқан мүйіз—мүйіз алақанымен сыйрап қояды. Төбеден тік шашылған шілде күнінің өткір жүзі қоян—қолтығына дейін терлете түскен. Жел—құзсыз тымық, терең қолтықтың іші бүктеніп, жаңа ғана сарқырама астынан салқындаш шыққан Айқонырдың тұла бойын балбырата босаңсатып жіберді.

Балбырай иіген тәнін шыжым—шыжым шымырлата бас кетерген була сезім қуалап өтті. Сол—ақ екен хайуанды бөлек бір ойнақы күй биледі... Ол бар дүниені ұмытып, салт атты, сәнді киімді жанға жанарын сугарған да қалған.

Ал жанарын тіккен жан болса — асықпай аяңдай келіп, құла құнанды отқа қойып, белін қынаған ұзын тайжақысын шешіне бастады. Айқонырдың да тағаты таусылып, жаны қыстығып барады. Сонда да сабыр сақтап, сыналай қарап, қуалай көз салады: бойжеткен төбесіндегі бұлғын бөркінен іліп алыш, қына түсті сақтиян етігіне дейін шешіп тастай салғанда, ақ тиіндей тәні бір сәт жарқ ете қалды... Хайуанның жанары жасаурап, қарадай қарықты. Нарыз еркектік күшіне келе толысқан, бабы келіскең оның да тәні тоят тілей ширықты.

Қыз төбесіне түйген қара шашын тарқатып кеп жіберіп еді, жұмыр бөксесіне дейін жауып қалды. Аюдың миы мұздап, қаны суып, бойын бір ызғарлы күй биледі. Ұлы жонын жосыған суық тер қара қылышынын қуалады. Құректей табандары шалғынды қара жерге жабысып, теректей бойы сымдай тартылып, күбідей майлы денесі ара талағандай дуылдан, қозғала алмай қалды.

Бойжеткен денесі шыбықтай солқылдаған күйі биік кереге жартастың басынан атқылай құлаған мол судың астына енді. Айқоныр кірпік қақпаған жасқа толы көзін жұмды. Көз құйрығынан жас парлады.

Суыр інінің аузындағы үңірейген тесіктен атқылаған бұлак қыран қонақтар биік тас қабыргадан құлап, төмен қарай моншақтай шашырап, перде тұта ақ көбік ағын саулаган. Жалаңаш ақ тән сол аппак ағынға жутылған. Кенет қыз денесі судан шолп еткен шабақтай шоршып шыға келді.

Кыз ағын астына қайта кіріп кетті. Айқоңырдың ет жүрегі ел—сел еркінен айрылып, көзі тұнды. Бойжеткен қантардың мұзындағы тіл байлайтын сұық суға шыдамады білем, іле атып шықты. Сұнгідей сұлу тәнін күн сәулесіне сүйдіре балтырын сыйпаған жасаң үстіне оңашалау барып бой түзеді.

Айқоңыр үнсіз тыншығып қалды...

Күн сәулесі сұғын қадаған балғын тән аюдың нәпсісін алғып, ойнақы сезімін оятып жіберді. Қыз денесіне тұнған мың сан мөлдір моншақ, күнге шағылып, құбақандай құбыла ойнады. Сөулеленген су тамшылары қардай тәнге сиқырлы шұғыла, тілсіз тылсым құпия жинал, хайуанның жұлын—жүйесінде жынды бір сезім ағыны ырқын алғып бара жатты... Бойжеткен су шайған шашын сілкіп, ырғала басып күнге қыздырынған сайын өлтіндегі асау ағын аю бойында күш алғып, еркін билей түсті. Айқоңырдың ерік—жігері еріксіз көніп, шекердей еріп, өйел тәнінің өзіне ғана тиеселі ерекше сұлу, тартымды құдіретіне арбалып қалды.

Қындаған белді қайындаған мұсін қанын қыздырып, сезім—сауанын сугарған сайын өз—өзін ұмытқан хайуан бойын бағып тасаланғанды да қойған. Алдындағы қалынды жапыра аттап та кеткен. Қызынған қан да, қиналған жан да шыдатпаған... Бар—жоғы ат арқандай аралықтағы ашық аланқай шегінен шыға келді. Әлде бір алақұйын арда сезім анадан тумай жалаңаш тәнге деген аңсарын аудырып әкетті. Ет жүрегі дүрсілдей, қызыл қаны таси, аңсар ағзасы басына шаба шарқ ұрган. Асау ағза ырқын алғып, ырғын күй күйледі. Кілегейленген көзін көк тұман басып, ағзасы асып, қызынған тәні байыз таба алмай, куынған жаны күйіндағы қыдырған. Алғып денесі бір ысып, бір сүйнған.

Аланқай шетінен алпамсадай Айқоңыр пайда бола кеткенде бойжеткен қыз да, құла құнан да алғашқы сөтте андамай қалды. Аю орнынан не қозгаларын, не қозғалмасын білмей әлден уаққа состиыш тұрып қалғанда ғана жылқы жануар сезген. Оқыстан пайда бола кеткен жыртқышты қайдан көрдім дегендей құла да құлағын қайшылап, бой сала, мойнын ие үркектей қарады. Кенет

танауын шұр еткізе тартып, шаптырып дөреттеп те жіберді... Сонда ғана ту сыртын берген бойжеткен секем ала бұрылған. Бұрылған бойы қарақат көздері шатынай, кірпігі қағылмай қатып қалды. Күн қыздырған алау жонын мұздай тер жапты. Жаны жанарында ойнаған. Ұлы бір үрей биледі. Тіл тартылып, жан шошынып, тән тоңазыды.

Шошынғаннан қолма—қол зәр төгіп, тер үгіп қалған құла жануар да тірсектері дірілдеген күйі теріскеイge үмтүлды. Қарагайы мен үшқаты қалың тік беткейге жанұшыра шатқаяқтай борбайлады. Тұяқ астында жіліншіктей үшқат тамырлары сынып, кеудеден көк бүрлі бұтақтары кескілей кескестеген. Жыртқыштың сұық сұсы, алbastы мысы басқан жануар шұрқырай, шырқырай кісінеген.

Үрейлі үннен қыз да селт еткен... Айқоңыр да елең еткен... Бойжеткен шала—мала ес жиды. Аю айналасын аңдады. Адамды да, аңды да құллы сезім құйындай соғып—соғып еткен. Бірінде — құты қашқан үрей, енді бірінде — соқыр сезім иелеген құмарлық. Қыздың қол—аяғына қорғасын құйғандай қозғала алмай, үрейден үні өшсе, аюдың арқасы қыза ағзасы асқан... қаны тасқан. Бір сәт адам бойындағы есті үрей мен аң бойындағы ессіз құмарлық шарпысып қалды.

Екі жанды да екіүдай сезім құшағында есенгіреп тұрды. Бірақ бұл тұрыс ұзаққа бармады білем, Айқоңыр орнынан оқыс қозғалған мезетте Бұлабике де бетін теріс бұрды. Борықтай тән көкпенбек табигат қоршаған мынау маңда естіні ғана емес, ессіз тағының да еркін алдып, тағатын тауысып қойған еді...

...Осыдан тура екі күн бұрын Атқыбұлақ басындағы жол—жөнекей жантая кететін жатағынан пысынап оянып кеткен Айқоңыр өз көзіне өзі сенбеген. Екі аяқты пенде атаулы жолай қоймайтын Атқыбұлаққа өлде біреу аяқ басыпты. Өзі тағы еркін. Су астына шомылып жүр. Басында аю да тіксініп қалды. Дереу бойын екі аяқтыдан аулақ салғысы келді.

Бірақ хайуанды беймәлім бір жай өзіне сиқырлай тартып, тұра жөнелуге тежеп қалған. Ол — өйел затының тұттай жалаңаш тәнітін.

Айқоңырды құдіретті күш ұстап қалды да, біртінде өз ырқына бағындырып та алды. Алғашқы сөттегі аппақ адам денесіне деген таңырқау, қызықтау сезімінен соң тәнін ийткен, жұлын—жүйесін қыздырып, ағзасын қоздырган өлдө бір аңсау сезімге бой алдыртқан. Екі күннен бері тұс өлеңінде әлгі жанды алыстау жатақ маңынан қарауылдаپ, шақырайған күн астында терге шылана баспалай бағуды шығарған. Бойы үйрене келе ара қашықтықты азайта түсken. Күн санап жақындаپ, алақұйын арда сезім соңынан ерген... Тіпті, кеше қыз бұлақ басынан аттанысымен, соңынан іс ала бұл да жөнеген. Қаражалдың қимасына жақын қалың қарағайлы ойпанда орын тепкен Бұлабике ауылының беленінен бой салған. Тұн баласында да бір соғып өткен еді. Енді міне, су шайған сүйріктей мұсін сезімін билеп, сүмендей үмтүлғаны.

Ұлы үрей есін алған ессіз Бұлабике болса, кереге жартастың шырқау шекесіндегі көнектей көмейден шапши құлаған тау бұлағының сарқырамасы астына қайта қойып кетті. Айқоңырдың көз алдында сөтке жарқ етіп, ізінше су ағыны жұтып қойды. Бұлабике көрінбей қалды.

Сол—ақ екен алыш аю айырылып қалдым ба дегендей бүлкектей жөнелді.

Ақ тұман тұтқан су шымылдығы астына ес—түссіз еніп кеткен бойжеткен мұздай ағыннан тәні түршіге санасы сауықты. Көз тұна құлаған аппақ ағын — су пердесі мен қабырға қара тастың ойық қолтығы арасы өжентөүір ашық еді, тісі—тісіне тимей сақылдаған сұлу қыз шашыраған су тамшыларын бойына сіңірген мүкті тас қабырғага ту сыртын тіреген. Ми мұздатар сұық судан тұла бойы қалтырап, жас жүрегі көтеріңкі кеудесіне сыймай тарсылдаپ, атқалақтап кеп аузына тығылады. Есін енді жиып алса да есендіреп тұр. Бойын алған үрей басылар емес. Тек сансыраған санасына мына үйдей құбыжықтан қалай құтылам деген бір саңылаусыз ой соғып-соғып өтеді... Сусоқты мүк қабырғадан жон арқасын ызғар қарып, ықтасын астында балғын тәнін бұлақтың тастай ағыны шаймаса да тірсектері дірілдеп, башпайлары қатып—семіп қалған бойжеткен бойын алған қорқыныштан өз—өзін билей алар емес—ті.

Аузы икемге келмей, иегі дірілдеп, ақ тастай тізілген тістері сақылдаپ тұрган Бұлабикенің атыздай көзі тастағы жарық дүниені анық аңғартқандаі атпақ ағынның кенет түсі қашып, қошқыл тартқанынан секем алыш, жүрек мұздап кетті. Жағы да қарысып қалды. Сейткенше ағынды жара малмандаі жүн—жүн қос қол көрінді. Бұлабике де белгісіз бір сұмдық күш қозғап, қабырға жартасты іргелей жылыстағ берді. Суық тер жапқан сімтік тұмсығын сұғына Айқоныр да ене берді. Ол ағын жуған жанарын бір ашып, бір жұмыш алғашқыда ештеңе байқай алмады. Іңыранған күйі қабырға асты — бойжеткен жасырынған кең қолтық ықтасынға озды. Бірақ бұл іздеген жан иесі жоқ бол шықты... Сарқырама түгін жыға шайған өккі хайуан оқыс ақырып жіберді де, жарықты күргейлеген ақ тұман ағынға қарай үмтүлды.

Ол бұлақ ағысын бойлай, ұры қолтықты құлдай, ақ қоянша ағып бара жатқан Бұлабикені бірден шалды. Бойжеткен белуардан шалғында жүзіп барады екен. Алдында бірақ қорғандай құрсауланған табиғи тосқауыл — тырнақ аршымас, тұмсық батпас итмұрын—ыргай, ұшқат—қарақат жынысы. Атқыбулақ суы сол жынысқа жымысқылап еніп кететін. Сол жыныста жасырылған мұның да уақытша жатағы бар.

Зәресі ұшқан қыздың соңынан су шайған түгі жылтырай, қызынған денесі салқындаі қорбандаған Айқоныр сасатын емес. Оның бойын борықтай сиқырлы мұсін арбаган құдіретті сезім еліктіріп қана қоймай, екі аяқты пенденің әлсіздігін нақты сезінген инстинкті сенім пайда болған еді. Иен қолтық ішінде өз үстемдігін сезінген хайуан иесін жанның қорғансыз күйін қызықтағандай күлін—күлін ерген. Өз—өзін ұмытып, сиқырлы сезімге бой алдырды. Бойжеткеннің балғын тәні балдай тартып, балбырай иіп, ағзасы асқан. Айқонырдың нәпсісі қозып, баба сезім — аң сезімі оянды. Тексіз сезім еркін билеп, жетегіне ертті.

Айқонырдың арсаландаі жүгірген алпамса тұлғасынан Бұлабикенің біржола құты қашқан. Басы ауган жаққа бұлдырықтай, бағдарсыз безе берді. Шыбын жанын үрей иелеген бойы жанұшырған. Ақтер—көктерге малшынған пенденің есі ауа, өкпесі жана безек қақты. Төбеден тік шаншылған өткір сәүле астында, жelemіксіз тымық қолат

ішінде бас жасырар, жан сауғалар жер жоқ еді... Қалай қарай бұрылса да кескестеп, күжілдеген құбыжық шыға келеді. Әлде есі кіресілі—шығасылы бойжеткеннің өзі білмestікпен Айқоныра қарай бұрыла ма, әлде әккі аю алдын орап үлгере ме — ол жағы жұмбак... Әйттеуір түймедей көзі жылтылдаپ, өңменінен өте тесілген сұқ қақ мандайдан қадалады. Беткейдің сиыр жалақ қүренешесін кешкен Бұлабике еріксіз жалт береді. Өкшесі аюдың көз алдында ағараң қағады. Қолтық табанындағы көк шалғынға қарай қайыра салады. Шошынғаннан үні де шықпайды.

Май тартқан толық денесін қозғаған Айқоныр да сыр берген. Ол да алты айрығынан тер құйылып, көмейіне май тығылып, ілгерінді—кейінді кеткен. Қайта жұндес аюдай емес, лыпасыз тәнін шалғын сыйлаған адамға женілерек... Өкпесі өшпесе, от тигендей жүгіре берері хақ.

Осыны сезгендей Айқоныр да барын салып, айлаға көшті. Ол Бұлабикені Атқыбулақ құлаған кереге жартастың бір жақ қапталына қайырып әкеліп тіреді. Құлжа ғана құтылар жақпар—жақпар жалаң жартас жолын бөгеген Бұлабике төніп кеп қалған қоркынышты хайуаннан үрейі ұшқан күйі бетін басып отыра кетті. Сол бойда теріс бұрылып, қара тасқа тас кенеше жабысты. Тілі тұтылып, иығы ғана діріл қақты. Жұмылған көз қызығынан жас саулап, ес—түссіз ел—сел күйге енді. Бар дүниеден күдер үзіп, ез—еziн ұмытқан.

Қарсыласуды күткен хайуан қыздың үн—тұнсіз қалғанына таңданғандай состыып тұрып қалды...

Бағанадан ырсылдаپ қалған Айқоныр сәл—пәл тыныс та алды. Оның да жүргегі жанып, бойы қызып, қаны тасып кеп соқыр сезім—сауаны қызынған тәнін қытықтап, ағзасына тоқтау салдырмай тұрган тұғын. Аю еріксіз қолын созып, қатқыл алақанын қыз жауырынына тигізген. Сол бір сөт дірілдеген жауырыннан тараған әлде бір толқын аюдың тұла бойын жай ұргандай етті. Ұлы бойына толқын жүгіріп өтті... Тұлдай тәннен құдіретті толқын ұрган Айқоныр шыдай алмады білем, жойдасыз алақанды қос қолын жерге түсіріп: “Уәж—ж!..” деген түсініксіз дауыс шығарып, қыздың ту сыртынан тершіген сұық тұмсығымен емірене иіскелеп, қалың тілімен жалап—жалап алды. Бірақ баяғыдан басы қанғып, есі шығып кеткен

Бұлабике былқ өткен жок... Тұттай жалаңаш тәні тітіреп, жүрелеген күйі қалтырағанын қоймады.

Айқоныр ағаш қуысынан бал немесе илеуге басқан алақаңын қеулеген құмырсқаны жалағандай, қыздың қалақтай жауырыны мен жонын ұзынынан жалдай жалады. Бойы да шымырлап қоя берді... Тақ осы сәтті күткендей құлақ түбінен жарылған оқыс үн жыртқыштың миын шағып жіберді. Ол оқ тигендей дүр сұлқінді. Жыртқышқа тән жылдамдықпен жалт бұрылды.

Бар—жогы есік пен төрдей жерде әлекендей жаланған өлде бір екі аяқты тұр. Қолында ұзын селебе. Қасында кержақтық “орыс” бесатар жатыр.

Бұл — Ұлар — Ұларқан аңшы еді...

Тәнін шымырлатқан тәтті толқынның қайталанбас сәтін бұзғанын қызғанғандай Айқоныр да ақыра ұмтылды. Еңгезердей аңшы жігіт ақ тесті алыш қара аюдың алдында көпе—көрнеу кіп—кішкентай боп көрінді. Бір ғажабы — өлгінде ғана қос аяқтап тұрған төбедей тұлға тәменшік тартып, жемтігіне жекпе—жек шабарда қос аяқтап алыш, қос қолмен ұмтылатын аю атаулыға тән айламен емес, аңшыға қарай молақ мойнын соза, тұмсығын ала жүгірді. Аңшы да сасып қалды. Бірақ бір қырына қарай барысша қарғып кеткен аңшы бойын жиып алды.

Ақ төс қара Айқоныр да қапы қалып, қызыл өңеші көріне қайыра салды. Ол енді өзіне тұра келген ажаддан қорғанам деп шапты... Әлгіндегі алмағайып сезім сап тиылып, адаммен бетпе—бет жолығудан жүргегі ұшатын, сезімі сескене сыр беретін тағы хайуан аяқ астынан айла—шарғысыз атылды. Сондықтан да сасқан аю әлеуетті қолдарын созбай, азулы басын ала жүгірген. Соның сазайын тартты да.

Көзсіз ұмтылған кішігірім үйдей қара аюдың сімтік тұмсығы үстін ала онды—солды тартып өткен Ұлар бір бүйірге жалт берді. Құн сәулесіне екі жаны шағыла жалт—жұлт еткен женді білектей селебе жыртқыштың қара тұмсығының үстін ала сойып—сойып түскен. Жұқа терісіне дейін даладай қып ырсыйттып, салбыраған үртын қоса тіліп түскен сом селебе жарасынан қара қан бүрк етіп, Айқонырдың жүзін жуып кетті. Коңыр көзін де қан басты Ауырсынған аю үры қолтықты басына көтеге айғайлап жіберді.

Ауырсына ақырган ауыздан аппақ тіс, қызыл көмей көрінді... Апандай ауыз атандай шақырды.

Ұлар болса Айқонырдың кезекті шабуылын асықпай күткен. Аңшы қара аюды оп—онай—ақ алатынына сенімді еді... Бірақ алыш Айқоныр ауырсына ақырган күйі кенет жалт берді. Сол бетінде теріскей бетке жұз бүрді. Аса тік келген теріскей — құлама қияғана емес, ит тұмсығы батпас жыныс та еді. Самсаған самырсын да мол өсken. Бағана Айқонырды қөргенде осы беткейге құлақтарынан да тұяқ тіреj ұмтылып, шынғыра кісінеп бой жасырған тұғын. Енді қара аюдың өзі жолындағысын жапырып, жан сауғалап зытып жоғалды... Жасыл жапырақ бетіне қошқыл қан үйшіп қалды.

Ақ тәсті алыш аю жынысқа бой жасырғаннан кейінғана аңшы қара тасқа қынаша жабысқан жалаңаш жанға бұрылған. Бұктісқен борықтай бейненің қолаң шашы қобырай жұмыр иығын, жұқа жаурынын жауып, қима белден көк шөпке төгіліп, көз жауын алған бекесі бүлтгия қалыпты. Аңшы Ұлардың бұрын—сонды өйел баласының ашық мүсінін көрметен жанарап тайғанақтап, жыртқыштан бұлк етпеген жүрегі тапырақтап, қарадай дымы құрыды. Аңырып аз—маз тұрды. Ұрлана қысылды.

Кенет нық қадаммен адымдай басты. Үстіндегі кеудесі қызық келген кең қолтық, арқар тері шолақ шапанын журе шешіп, жүзін суық жартасқа басқан жанға жапты. Саусактары жартас жақпарларына сұғынған өлгі өйел заты мұны сезбегендей сұлық кейіп танытты. Тек тері шапанғана тоңған торғайдың қауырсыныңдай дір-дір қақты.

Сондаға аңшы иен түйық ішінде албастыдан өрмен аюдан бейкүнө пенденің періштесі шошып, үрейі үшып, тіл—аузы байланып қалғанын түсінді. Қарулы аңшы дереу иығынан сілке кетеріп, қан—сөл жоқ қуарған жұзді жас бойжеткеннің бетіне бажырая қарап: “Есінді жи! Есінді...” деп дауыстап та жіберді. Бірақ бойы мұздай тән кірпігі үйкісіп, меніреудей мелшиді.

Құагаштай қалшиған қызға сөзін өткізе алмасын сезген Ұлар шапалақпен тартып—тартып жіберді. Жүзін жандыра соқса да шошынған жан селт еткен жоқ. Үрейден қарашықтары шатынаған күйі қарақат көзін жұмды. Құланның таңындау күн сүйметен, шенберек атқан қос анары діріл қақты... Бір мезет аңшы бойын солқылдақ тал тартып өткендей

шымырлаған толқын жүгіріп, жанары да жарқ етіп, іле жүзін наргтай қызу шарпыды. Жиырма бес жасар жігіттің жүрегі асаудай тулас, тамағына толқыған бір ыстық түйнек тірелді.

Ол серейіп турған қызды тік көтеріп алды да, сарқырамаға қарай жүгіре басты. Сол бойы су тасқынына тосты. Тәнін сұық су тітіреткен жан қарулы білек бойында балықша бүлқынып, шыңғыра айғайлап жіберді. Су астынан күн көзіне көтере шыққанда да Бұлабике аңшының бет-аузын сабалап, мән-мағынасыз шыңғыра берді. Бетімен безе жөнеле ме деп, Ұлар да жалаңаш жанды босата қоймады.

Қыздың әлі де өз-өзіне келе алмағанын білген жігіт тақымынан ала көтеріп, қол—аяғын ербендете жерге дік еткізіп, білегінен бір қолымен мыти үстап, тағы да жүзінен алақанымен жалатып—жалатып қана өтті. Қыз үні де сап тыылды. Кірерге тесік таптағандай қос қолдан бетін басты... Алдында аю емес, адам екеніне, түсі емес, өнді екеніне зердесі жетсе керек.

Аңшы бойжеткеннің көгеріп қалған балғын білегін жайлап жіберді. Қекмайса үстінде жатқан қыздың киім-кешектерін тез жиып әкеп, тайжақысын жауырынына жалты. Бұлабике де тез киінді. Ұлар да селебесін беліндегі шақпакты, оқшантайлы кісесіне ілінген былгары қынынан сұрып, сарқырама сұына шайып алды. Женіл елтірі бөркін шешіп тақыр басын, аузы—мұрны мен шынтағын, ат үсті шыдамды егіз былгары, екі қабат ұлтанды саптама етігін сумен шайып-шайып өтті. Бесатарын ишігына ілді.

Үн-тұнсіз киінген қыз аз уақытта сақадай сай болды. Қолма-қол тіл қатысуға бірі ұялып, бірі бата алмай жасқанысқан... Бірақ ойды жокта ажал аузында тәнірінің өзі тілекtes бол ұшырасқан екеу ұзаққа бармай. көлимәға келісті.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### КИЯДАФЫ ҚҰМАРТУ

#### I

Теріскейі тік, күнгейі қия беткейлердің басын түйістіре қосқан, бүйен ауызды бұлагы басынан құлаған жақпар—жақпар жалама, алып жартас керегелене керіліп, тек етегі ғана құлдилар сай бол біткен торсықтай түйік іші тымырсық, қалпы.

Тамыз жаңа туған. Төсінде ызғар қарыған Алтайдың бұл ылғар шеті шілде қызынан айырыла қоймаған кез. Жаз да жел—құzsыз жайлы. Жауын—шашын аз, қарлы—бұршақ соққан жоқ. Соның да салдарынан Атқыбұлақ секілді ұры қолтық—түйіктар, сай—шатқалдар ішін бұк қысып, түнде ғана тыныс алатын.

Бұк бауырга түсіп, бөгелек ызындаған желеміксіз түйіктан аңшы жігіт тезірек аттануға тырысты. Алып аю елесінен үрей билеп алған бойжеткен де жан—жағына жалт—жалт барлай қарап, бір орнында тұрақ таба алар емес. “Өлімнен үят құшті”, аңшы жігітке де тұра қарай алмайды... Жай күнде жарқылдан тұратын жанның жүзі шіркеулі, тілі күрмеулі.

Алғашқы сәттегідей емес, қыз киініп, өз—өзіне келіп, сабыр орныққан соң аңшы Ұлар да өлдे бір әбес қылышқ жасап қойғандай қысылып, төменшік тартқан. Екеуі де бір—біріне ұрлана көз тастасқан. Біртін—біртін бой үйретісті. Ширыққан сезім, алабұртқан көңіл бастыға келе жігіт қызға, қыз жігітке жанар тіктеп, сана сала қарасты. Екеуі де ажал торыған Атқыбұлақ басынан аттануға асыққан.

Атанның жілігіндегі атпал азамат құру—құрулап

алып, ысқырып—ысқырып қалды. Күңгейдің селдір қарағайлар беткейінде соны шалып, бой жасырған түркы биік құбақан айғыр кісіней желіп келді. Келе иесіне тұмсығын жанастырып, оқырана ііскелеп, балаша еркеледі. Бәрінен де жылқышы қыз Бұлабикені айран—асыр таң қалдырған қубақан қылығы емес, сүйқылтым жалынан жалпақ сауырына дейін жабудай жайылған тенбіл шұбар барыс терісі еді...

Жартас түсті қара жон, бауыры қылаң, бүйірі шұбар жазғы түкті қар барысының бас терісі ат жалынан аса салбырап, ал керікедей керіле созылған төрт тірек сирақтары ат бауырына төгіле салақтап, бітеге сойылған алақан табанындағы қара тырнақтары қияқтай иіле тарбиып, үкідей үлпілдек жұнді ұзын құйрығы жер сыптыра шұбатылып жатыр.

Бұлабикені өйел затына тән жеңсік құмарлық женді білем, жұп—жұмсақ жүнінен аялай сипай берді. “Қандай керемет!..” деген сөз де шығып қалды. Сол—ақ еken қыстыққан тынысы да ашылып қоя берді. Ұлар да өзін жеңіл сезініп, бойжеткеннің даусы дірілдемей шықанына, аюды ұмыта бастағанына сенімі артып сөзге араласты. Қорқынштан ойпыл—тойпыл қыз көңілін де аулағысы келген.

— Құзғындының серісі гой, кеше атып алдым.

— Аңшы ағасы, барыс атаулыны тұңғыш көруім. Сіз болмағанда барыс қана емес, жарық дүниені де тап қазір көре алмас едім... Сізге өмір бойы қарыздармын. Өмірім қарыз... өтелмес қарызбын, — деп күрсінді Бұлабике, — қалауыңыз білсін!

“Қалауыңыз білсін!..” деген құпия сыр сақтаған сөз аңғарын аңшы Ұлар анық түсінді.

— Олай деме, қалқам, тәңірі кез қылды... — деп, аңшы сөз таба алмай сасып та қалды. — Қара пәледен құдай сақтады. Ел—жұртсыз иенге қайдан кеп қалып жүрсін? — Әңгімені басқа арнаға бұрып жіберуге тырысты.— Жылқының қышқыра кісінегенін естіп, оның терікей жон үстімен ер—тұрманымен шошына жортып бара жатқанын шалып қалып бұрылдым. Иенде иесіне бір жағдай кез болды ма деген күдікті сезім алыш келді. Қайта

дұбыс берген жануарға қарыздармыз... Әйтеуір, жолымыз болды.

— Откенде саяқ сөүрікті қарап журіп, осы бұлақ үстінен шыққам. Содан келгіштеп кетіп едім, — деп қыз үяла тәмен қарады.

Бойжеткеннің жебедей кірпіктерін жерге қадағанына көnlі тоя:

— Мұндай маңға жалғыз келуге болмайды, — деп Ұлар өзін еркін сезінді. — Аю аңдыған еken сені... — Осы бір сөзді айтып қалғанына бармағын тістеді. — Атың кім, қалқам?

Қыз да:

— ...”аңдығаны” несі, аға? — деп құлағын түріп, барыс терісін сыйпаған саусақтары қолма-қол қалтырап қоя берді.

Бұған тіктеле қарады. Қарақат көздерінде үрей үялап, сүп-сүйір біткен сұлу тұмсығы үстіне шып-шып суықтер шығып, желбірі қусырылып кетті.

— Иә, аңдыған еken, — деп Ұлар амалсыз айтуға көшкен. — Аю албаты адамға шаппайды. Байқаусызыда адам қақ төбесінен түсіп қалғанда, болмаса — аю аштықтан бұралса... Әйтпесе қарадай тиісе қоймайды. Адамдар аңдып сонынан түссе қашып құтылуға, бой жасыруға тырысады. Қыр сонынан қызып жетсе ғана қорғанам деп шабады. Ал саған неге шапқанын ... түсіне алмадым.

— Сонда мени аңдып отырган ба? — Қыз үні үркे шықты. — Ағасы—ау, оның менде несі бар? Жаным түршігіп барады. Кетейікші, аңшы аға, кетейік тезірек!

— Қазір—қазір, сен Сумылтыққа мін. Қорықпа, қорбаңбай кетіп қалды. Ол енді оралмайды... қорқады қалқам!

— Жоқ аға, ол неге аңдып жүр? Мені Бұлабике дей беріңіз... Аңшы аға, аю адам анди ма еken? Бұлақ басынан күткен ғой, — деп, Бұлабике Сумылтық жануарға машықты қимылмен сарт ете түсті. Ұлар қызды қолтығынан демеп те үлгермей қалды.

—... Аға, — Бұлабике айғыр тізгінін қаға қайта сұрады, — мен суға шомылғанша күткен бе сонда?

Ұлар да нақты жауап қатты.

— Бұлабике, аю саған жемі ретінде шаппаған. Ол өзі қызық аң ғой, кейде адамша ойнайды да... Жұмбақ аң. Саған қалай десем екен...

— Жасырманыз, аңшы аға!

— Жасырып-жабары жоқ. Хайуан қызықса керек... Адам да аюға үқсайды ғой, аю адамнан азған дейді үлкендер. Бәрі де мүмкін. Сені құғаны — жейін деп емес, адам тәніне қызыға құмартқанынан... Мұндай жағдайлар бұрын да кездескен ғой. Аю адамды алып кетіп, үңгіріне жасырып, жауырынын жалап жұн шығарыш, жабайы жан қылып алғаны туралы аңыз да бар емес пе,— деп Ұлар жұбата сейледі.

Бұлабике болса, көңіліне күдік түйіп қалды... Аю боп көрінген осының өзі емес пе деген қаңғырган ой да соғып өтті.

Олар Кіші Қаражалдың құлдилар тұмсығы тұсындағы жасырын түйіктан қарағайлы орман бүркеген белеңге көтерілгенде, күн де екіншіге еріне еңкейген. Қиғаш түскен күн сөулесі орман ішіне себезгілеп, ақ нұрлы сағым сумандаган. Соны басын ыргап, шырша етегін сыйип самал сокқан. Өлде қандай аң соқпаққа түскен екеу ауылға қарай тартты.

— Ұлар аға, — деді Бұлабике, — Сумылтығыныңға салмақ салсақ па деймін, мені құла құнан бір жерге тастап кетті. Әйтпесе сүйреп, сүйегімді шашып кетті деп, ауыл атусті өбігер болып жатыр ма — кім білсін?

— Иә, қазақтың ажалы аттан ғой, құла құнаның терге малшина тұра ауылға барса, онда жазым болды ма деп, шапқыласып жүргені анық. Мінгесіп-ұшқасып біз жеткенше де біраз уақыт өтер.

Қыз артына мінгескен — барыс терісі үстіне қонжиган иесін тарпаң текті Сумылтық ауырсына қойған жоқ. Бастьарын бұтақ қағып қалмас үшін еңкейісіп алды. Аңшы жігіт он жеті жасар Бұлабикенің қыпша белінен құшақтаған. Ұлардың бойын бұлақ басындағыдай қызулы жұмбақ толқын соғып өтті... Аңшы алақаны да қыз беліне қол салған сәтте бойжеткеннің оқыс дір ете қалғанын сезді. Ұзын мойнын қысқарта, иығын селк еткізе қымсынғанын да ту сыртынан байқап қалды.

Сүнғыла сезім ауанын сездіргісі келмегендей желе шоқытқан Сумылтықты тебініп—тебініп қойды. Тарпаң текті тұрықты жануар қамшы тигізбес өдетімен жылып берді. Қарағай арасынан себездеген селдір сөule селкілдең қалыш жатты.

Кой қоралана жатардай аумақты аланқайға шыға бере Бұлабике Сумылтықты кілт тоқтатты. Жан—жагын қоршай өсken қалың қарағайлы аланқайдың шетін ала шаңырақтай шалқайған муйізді бұғы мен марал бұзауын емізіп түр екен. Олар бұзауының мамықтай маманы кергілеп, сүйсіне созыласп жатқанын қимады ма, бұлардан бір мезет қауіп күтпестен селт етпей, құлақтарын ғана түрді. Сумылтық та солығын баса алмай тыптырышып, қамыс құлағын қайшылады. Екі жагы да бір—бірін үнсіз күтісті.

Кер бұғы, ақ марал, құба бұзау үшеуіне бұл үшеуіне елеңдей қарап, мәрттіктерін сынап өрі—бері түрді да, әп—сөтте сынапша аға жоқ болды. Бой жасырар бурыл орманға сінді.

Сонда ғана:

— Бұлар менің маралым, — деді Бұлабике қуана. — Үнемі осы манда жүреді. Бұрын ұзак тұратын, аса үркे қоймайтын. Бүгін сендерден қорықты...

Өзінің маралға деген махаббаттан андаусызыда аңшыға “сен” деп сөйлеп қойғанын сезіп, тілін тістей қойды.

— Маралдарың әдемі екен, — деді Ұлар да. — Маралдарыңа мен ие болсам деймін бұдан былай... Ақ маралдың орман ішінде жалғыз—жарым қалмасына кім кепіл. Оның еркін жүргені керек, — деп түспал тастады. — Ақ маралыңа да, ақ тілегіңе де ортақ болсам деймін, — деп және қосып қойған.

Бұлабике “ие болсам деймін” деген түспал сөздің салмағын бірден—ақ түсінді. Теріс қарап отырған күйі бір қызырып, бір бозарды. Бағана бұлақ басында бойын жиып алғанда—ақ атпал азamatқа деген арқа сүйеушілік сезім бас кетеріп қалған еді де, енді сол шынайы сезім сүйсінерлік күйге ауысып, қызы жүргегін билеп алды. “Жоқ” деп жауапсыз қалдыра, “кет” деп кеудесінен итере сала алмайтының да түсінді. Тығырыққа тіреле Сумылтықты тебінді.

— Бағана бұлақ басында “қалауыңыз білсін” деп едім,

сол сөзім — сөз... — деді Бұлабике булыға. Көкірегінде құпия қылау, қыстыққан өксік барын да булыққан үнімен білдіріп қойды.

— Ақ сөзіңе мен түрдым, Бұла, — деп Ұлар ойланып қалды...

— Кешір, қалқам, тар жолда айттар сөзім емес еді, өзіңе деген риясыз көңіл шыдатпады... Шын тілегім осы.

Енді екеуі де ұнсіз тынды... Құбылмалы ой құды.

Сумылтық жануар ғана желісінен танбай келеді. Кешікпей Кіші Қаражалдың Үлкен Қаражалға асар қимасына жақын отырған тымбай\* ауылының үстінен шықты. Бұл — Бұлабике ауылы, Қызырбайдың қонысы. Бұлабике де Қызыр байдың қызы. Бұлабикенің үш ағасы да осында.

Бие байлап, қаздай мамырлап отырған ақ шаңқан ауыл үстіне түспеді. Бұлабике түсіртпеді. Аңшы Ұларды ауылдан қозы жайылым жердегі түяқкешті дөң үстінен, селдір қарағай арасынан қайтарды. Барыс терісін де байлатпады. Ішіне сыр бүгіп кетті...

Ол ауылға қарай жүгіріп ала жөнелгенде, сонынан аңшы жігіт қызыға да, қызғана да көз салып, көңілі марқайып түрді. Бұлабике ұзап кеткеннен кейін күлік беліне қонды. Кіші Қаражал етегін ала бауырлай Жұндіқарағайға қарай суыт жүрді. Жұндіқарағайдың үқорғасынды бұлақ басында жападан жалғыз тігілген отауына, отаудағы анасына асыққан. Анасына да айтары бар: Бұлабике жайы... Қанжығасы да құр емес. Алтай серіci — барыс байлаулы. Өзі талай оқталып барса да жолы болмаған Құзғындының қыран қалықтаған қармұзды мұзартының сыйығой. Жолы болды. Бәрінен де Атқыбылақ басында жолығысқан ажалсыз арудың мұның тілегін сырт теппегенін айтсаншы! Алтайдың ақ тәс қарасына да мың да бір рахмет!

Барыс құйрығы жыландай сумандаған салт жолаушы кешкі салқынмен көңілі толып, жүзі жанып жөней түсті. Сумылтық та иесі ығына жығыла жүрдектікке салынды. Үйге қонаға жетуді межеледі.

---

\* тымбай — ру аты.

## II

Тәні жаралы, жаны үрейлі Айқоңыр Атқыбулақ басынан алысқа ұзап кетуге тырысты...

Атқыбулақ басындағы адаммен айқас — Айқоңырдың екі аяқтымен тұңғыш түс шайысуы, азу көрсетісіүі ғана емес, түймедей көзіне ажал елестеп, жаны қыстыға қызыл үрей билеуі еді. Ұшқын атқан жанарына кеңсірік үсті қаны шашырап, қызыл қан қуатын алғып, сезім—сауанына ұлы үрей ұялатқан да, Айқоңыр алды—артына қарамастан қашқан. Терісі жұқа кеңсірік сүйегіне жеткенше сойып түскен жара да жанына батып кеткен. Майлы ұртын ала қамсаулай, айқыш—үйқыш орай тілген сұық селебе ызгари кетпей, уыты қайтпай қойды.

Ол қорқыныш қуалап қашқан беті Кіші Қаражалдың күн түспес салмаларына сүйт тартты. Аң мен құс қана мекендерген бұл маң иентін. Атам заманғы ағаштар мен бұталар ұсақ аң—құстың ырғын мекені, адам аяғы мен мал тұяғы жете бермейтін тұмса өнір еді.

Қара тұмсығы жоса—жоса қанды Айқоңыр сала—сала салманың біріне іліккенде қызыл інір ауып, алқара аспан жүзінде сырғадай ай көтерілген. Ай сөүлесі астында Айқоңыр ашыған тұмсығын ауырсына суға тықты. Тұмсықтағы жараны тілімен жалай алмай қор болып, тек бұдыр—бұдыр алақанымен сыйпалаганнан жара аузы қатпай, қан қүйыла көп кеткеннен басы зенген хайуан тау сүйнан сергіп қалды. Суық су ашыған тәніне шипа, ауырсынған жанына дауа болды. Өзінен басқа бұл манда міnez танытатын жыртқыш жоғын білетін ол анда—санда ақырып та, тұн тыныштығын бұза төңіректі жанғырықтырып та алады.

Тұн ортасы ауғанша өзен ішінен шықпаған Айқоңыр ақыры күндізгі күшті сезім — құмарлық пен қорқыныштан соң, осы араға дейін қаны сорғалай жүгіре басқан ауыр жүрістен кейін қалжырап шаршады да... Ол оңашарақ қорланған өскен қызылқат арасына барып, жатар орнын иіскелеп алғып, бірер тырнады да қисая кетті. Мұздай су шайған танауы тоңып, тұмсығын қос қарының арасына тыға жатты. Әбден өптер—төптері шыққан аюдын

тез—ақ көзі ілініп кетті. Сәлден кейін өлі үйқыға шым батты. Шым батты да қорылға басты. Қорылға басысымен тұманды туске енді... Төтті тұс тырп еткізбестен табандап басып алды.

Алдымен аппақ тұман тұтты. Ақ тұман ішінде Айқоныр өзін сондай жеңіл сезінеді... Сүттей өлем сиқырлы тартып, хайуанды еліктіре елітіп алған. Ол ұшып жүрген сияқты. Қара жерге табандары тиер емес.

Әлде бір жеңіл бу ма, су ма тәбесінен төмен қарай құйылады. Бұл рахат бір күйге бөленеді. Бой—бойы бусанғандай, балбырай иігендей. Санасыз хайуанның сезім—сауаны ғана сүйінгендей.

Сүттей сиқырлы өлем сүйқылтым тартқан. Түссіз бір дүние пайды болды. Әлде бір ақшыл елес алыстан шаңытқан. Әлгі елеске еліккен Айқоныр жетем деп тас түйінді. Бірақ жете алмай жаны қинала құйінді. Сондай бір жұмбақ сезім өзіне тарта елтіткен. Елтіте келе еріткен.

Әлгі елес жақындаған келе таныс сұлбаға айналды. Ол сұлба — Атқыбулақ басында өзі үш күн аңдыған өсем қызы тұлғасы болып шықты. Таныс тұлға жыртқыштың жанына жақын жұмбақ тәнге айналды.

Жұмбақ тән жанарынан жырақтамай, қайта жыландаған сайын Айқонырдың жүргегі тулас, жаны мұрнының ұшына келді. Сол—ақ екен қара тұмсығы ысып қоя берді. Түгі жұқа тұмсық терісін кенет найзағайдай от қарып—қарып алды... Қарып өткен күйікке шыдай алмаған аю шапалағымен тұмсығын ала тартып қалды. Айқоныр ауырсына оянып кетті...

Түйме көзін ашып алған. Ай батып кеткен бе, тас қараңғылық үйіріліпті. Жұлдыздар ғана жырақтан жымындаиды. Селебе сойып кеткен жарасы ашып жатыр екен. Ақ тұман да, аппақ сұлбалы жан да жоқ... Хайуан әлде сыздаған жарасы, әлде бұлындаған Бұлабике сұлбасы өсерінен қинала гүрілдеді. Бірақ гүріл ұзаққа созылмады, ол қайта қалғып кетті. Іле жөпшенкіге оянбас ұлы қорылышна бас қойды. Осы қорылдан тек күн көтеріле ғана көзін ашты. Тұмсығы ашығанын қойманпты. Орнынан ошарыла тұрған тағы суға қарай қозгалды.

Әлі де қарақотырланған жарасы тобарси айырылып, қошқыл қан шып—шып шығып, ырсыйған тілікке тілі жетпей, жарасын жалай алмай қиналған Айқоңыр ағынды суға тұмсығын малды. Кешегі сұық судан қан тоқтаса да, тұмсық кезігіп кеткен еді... Өзі кішкентай жанары ісінген бастан көртішқан көзінің жасуындай боп жұмылып қапты.

Зіл тартқан басын мұздай суға малып-малып алысымен, миы солқылдағап жөнелді. Исінген бас, сақылдаған тіс тұла бойын ширықтырып, өзі қызынып тұрган тәнін алау-далау етіп жіберді. Оның әп-сөтте ыстығы көтеріліп кетті. Селебе уыты ма, жара кезігі ме — хайуан өзін қоярға жер таппады. Алып-үшқан алыш жыртқыш қонжықтай жеңілтектеніп, бауырынан келетін тау өзеніне қойып кетті.

Әлден уақытта түгі малмандай болып судан шыққан Айқоңыр ықылық атып, қалтырап—дірілдеп жағада шонқиып отырды. Ыстық күн қыздырған денесі сонда да тоңғанын қоймады. Нәр сызбаған көкөзегі де сазды . Ол еріксіз орнынан тұрды. Нәрлі шөптің тамырын, қарақат жемісін териу үшін молақ басы зеніп, миы солқылдағап тұрса да қозғалды.

Тұманытқан көзінің алдында түсінде көрген елес пайда болды. Айқоңыр амалсыз ерді. Оны елес ертіп кетті... Осы бір елес алыш аюды енді өл—өлгенше ертіп жүретінін , түнде түсінен шықпай, күндіз көз алдынан қиястайтынын дәл қазір ауру хайуан нақ сезіне алған жок.

Ол елес ырқына көніп, елес дүниеге еніп, еліге еріп жүре берді...

### III

Шөп басын шық шалмас тамыздың тымық кеші түсті.

Қыз бен жігіт бүгінгі қоңыр кеш тағы кездесті...

Албырт аңшы мен балғын жылқышы асыға, сағыныса жүздескен. Қатар жортқан үялас кекжал арлан мен қара қашықтай жондана жатқан Улкен Қаражал мен Кіші Қаражалдың арасында сынаша сүйірленіп біткен құргақ сайдың теріскей қапталы бауырындағы балапан шыршалар